

іс-шараға байланысты жасаған

БАЯНДАМАСЫ

Құрметті, жиналысқа қатысушылар!

Болашақ жастардың қолында деп келеміз, сол себепті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды басты назарға алды.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Осы сәтті пайдалана отырып, балалардың қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, жолын кесу және болдырмау, олардың өмір қауіпсіздігі негіздері туралы полицияның қабылдап жатқан шаралары туралы қысқаша ақпаратқа тоқталып өтсем.

2025 жылдың 9 ай көлемінде жасөспірімдерге қарсы жасалған қылмыстар 24-ден 28-ге немесе 16,7% пайызға өсіп, ал жасөспірімдермен жасалған қылмыстар 6-дан 13-ге өскен.

«Заң және тәртіп» қағидаты негізінде, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, есірткі, лудомания, жасөспірімдермен орын алатын құқықбұзушылықтармен жол-көлік оқиғасына аса мән берілуде.

Осы ретте, аталған құқықбұзушылықтарға жеке дара тоқталсам;

Буллинг деген не?

Буллинг – агрессия немесе күш көрсету арқылы адамның өзгені қорлауы, үстем екенін көрсетуі. Буллинг жасаушы мұны күшпен де,

сөзбен кемсіту арқылы да жасайды әрі бұл әрекетін жиі қайталауы мүмкін. Қоғамда «буллинг мектеп оқушылары арасында ғана болады» деген түсінік қалыптасқан. Шын мәнінде, кез келген жастағы адам үйде, көшеде, жұмыста, оқу орнында, қысқасы, барлық жерде буллингпен ұшырасуы мүмкін. Буллинг деп көп жағдайда бір адамның бір адамды қорқытып-үркіткенін, қудалауын атайды.

Қысқаша бейнероликке назар аударуларыңызды сұраймын.

Лудомания – «Ойынқұмарлық» қазіргі қоғамның дерті.

Қоғам дертіне айналған ойынға деген құмарлықты ғалымдар-лудомания дейді. Лудомания ойыны – жастармен ересектер арасындағы құмар ойындарға тәуелділік мәселелесі - қазіргі таңда өзекті болып отыр.

Лудомания - ессіздік, ойынға құмарлық. Еліміздің түкпір - түкпірінде толып тұрған букмекерлік кеңселердің іші толған жастар. Ойынға құмар жастар қолдарындағы соңғы ақшасын тігіп, үлкен қаражат көтерем деп сенеді. Алайда, ұтылып қалған соң, еңселері түсіп, өзін қоғамнан алшақтатып жібереді. Алғаш қызығушылықпен бәс тігіп, кейін ойынға тәуелді болып қалған жастар қаншама?

Адамның қызығушылығын арттырып, құмарлыққа тез үйрететеінде осы кез. Санаңды улап, құмар ойынға үйір қылып жіберетіні де сөзсіз. Ондай адамдар дер кезінде өз-өзін тоқтатпаса, біртіндеп бүкіл дүние-мүлкін, көлігін, тіпті басындағы баспанасын сатып, ақшасын құмар ойындарға салып жібереді. Таныстарынан, ағайындарынан қарызға ақша алып, оны қайтара алмай жүргендер қаншама? Одан әрі ұрлыққа баратындарда бар. Ең соңында тақырға отырып, кейбіреулері қылмыс жасап, түрмеге отырады.

Қысқаша бейнероликке назар аударуларыңызды сұраймын.

Дроппер деген кім?

Дроппер немесе дроп бұл - алаяқтар ұрлаған ақшаны өзінің банк картасы арқылы өткізетін адам. Кейде карточкасын үшінші тұлғалар пайдаланғанын білмеген адам алаяқтық объектісіне айналуы мүмкін. Осылайша дроп өзін қылмыстық схемаға тартылғанын әр дайым түсіне бермейді, өйткені алаяқтар әдетте өз әрекеттерін «занды бизнес» ретінде жасырады.

Қысқаша бейнероликке назар аударуларыңызды сұраймын.

«Нашақорлық – ғасыр дерті», Нашақорлық – бүкіл қоғамның қасіреті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған індет.

Нашақорлық - есірткіні қолданудан туындаған ауру. Есірткі-бұл жүйке жүйесіне әсер ететін және адамның психикасын өзгертетін заттар.

Есірткіге тәуелділік психикалық және физикалық болып бөлінеді. Есірткіні қолданудың алғашқы кезеңдерінде адам өте жағымды сезімдерді сезінеді және бұл процесті қайта-қайта қайталағысы келеді. Затты қабылдаудан үзіліс кезінде тәуелді адамның көңіл-күйі нашарлайды, ол тітіркенеді және есірткінің келесі дозасынан басқа ештеңе туралы ойлана алмайды.

Нашақор дозаны алудың кез-келген әдісін іздейді. Осы сәтте мінез-құлық нормаларын, заң нормаларын бұзу ол үшін ештеңе білдірмейді. Ұрлық, күрделі өтірік (нашақордың жақындары оған көбіне соңына дейін сенеді), барлық сүйіспеншілікті ұмытып кету: туыстарына, достарына, жақын адамына – бұл кез-келген тәуелділікке тән.

Қысқаша бейнероликке назар аударуларыңызды сұраймын.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» - деп дана қазақ халқы айтқандай, бүгінгі жастар еліміздің болашағы. Болашағымыз ғұмырлы, салиқалы болуын қаласақ, жасөспірімдердің тәрбиесіне көңіл бөліп, қадағалауына атсалысуымыз қажет.

Баяндама аяқталды, зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет!